

**Астана қаласы әкімдігінің  
«Дінмұхамед Қонаев атындағы №66 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК  
Мектепшілік ата-аналар жиналышының  
№ 3 ХАТТАМАСЫ**

17 қаңтар 2023 жыл  
Катысушылар саны: 197

**Күн тәртібінде:**

1. «Қауіпсіздік сағаты» қалалық жобасының тұжырымдамасы туралы. Хасенова Гульсум Тукеновна, Білім басқармасының кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бөлімінің бас маманы;
2. «Кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстардың алдын алу туралы». Ахметжанова Гүлден Фалиханқызы, Астана қаласы Есіл ауданы Прокуратурасының қоғамдық мүдделерді қорғау бөлімінің прокуроры;
3. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу туралы». Исламголова Алмагүл Еркіндіккызы, Астана қаласы Есіл ауданы Полиция басқармасының ювеналды полиция бөлімшесінің бастығы, полиция майоры;
4. «Буллинг, әрбір ата-ана нені білуі керек» - Жұманқызы Алмана, № 66 МЛ психология;
5. «Жастар арасындағы интернетке тәуелділіктің алдын алу» - Абылқасымова Айзат Жомартқызы, № 66 МЛ құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі менеджер;
6. «Мектептегі профилактикалық жұмыс туралы» - Мұхтарбекова Бахытжан Советқызы, № 66 МЛ директорының м.а.

**Тындалды:**

1. Білім басқармасының кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бөлімінің бас маманы, Хасенова Гульсум Тукеновна сөз алып: «Қауіпсіздік сағаты» қалалық жобасының тұжырымдамасы, мақсаты мен міндеттері туралы ата-аналар ұжымы мен ұстаздарға түсінік берді. Сонымен қатар шақырылған қонақтармен таныстырып, күн тәртібіне тоқталып өтті.

2 ші мәселе бойынша Астана қаласы Есіл ауданы Прокуратурасының қоғамдық мүдделерді қорғау бөлімінің прокуроры Ахметжанова Гүлден Фалиханқызы «Кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстардың алдын алу туралы» бағытта жүргізіліп отырған жұмыстар жайлы есеп беріп, ата-аналар ұжымын балаларды үнемі бақылап, қадағалап отыруға үндеу жасады. Сонымен қатар араласатын достары жайлы мағлұмттан хабардар болу, бос уақытын тиімді ұйымдастыруын камтамасыз ету, кәмелетке толмаған жасөспірімдердің бейmezgіl уақытта көшеде, қоғамдық орындарда журмеүін назарда ұстау қажеттігін баса айтты.

3. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» жүргізілген профилактикалық жұмыстар бойынша Астана қаласы

Есіл ауданы полиция басқармасының ювеналды полиция бөлімі учаскенің полиция инспекторы, полиция капитаны Айгүл Дәулетқызы баяндама жасады. Ата-аналар тарапынан жолданған сұраптарға жауап берді.

Күн тәртібіндегі тәртінші мәселе төнірегінде мектеп психологы Жұманқызы Алмана слайд презентация арқылы «Буллинг және кибербуллинг» тақырыбын толық түсіндіріп, айырмашылығына тоқталып етті. Қазіргі таңда өзекті мәселеге айналып отырғандығына назар аударта отырып, ата-аналарға психологиялық түрғыдан кеңес берді.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі менеджер Абылқасымова Айзат Джомартовна «Жастар арасындағы интернетке тәуелділіктің алдын алу» жөнінде ата-аналар үжымына кеңес, бағыт-бағдар берді. Әлеуметтік желіні қолдану барысындағы сақтық шаралары мен талап, ережелеріне тоқталып, түсінік берді. Балалардың телефонда ұзақ уақыт отырғауы қажеттігін ескертті. Осы орайда бос уақытты тиімді үйимдастыру, спортпен шұғылдану, отбасылық үстел ойындары т.б. маңыздылығы зор екендігін атап етті.

Мектеп директорының м. а. Мухтарбекова Бахытжан Советовна:

1-11 сынып окушыларымен жүргізіліп отырған «Мектептегі профилактикалық жұмыс туралы» баяндама жасады. Ата-аналар тарапынан жолданған сауалдарға жауап, бағыт-бағдар, кеңес берілді. Ата-аналардың бала тәрбиесіне қатысты ұсыныс, пікірі тындалды.

#### Шешімі:

1. Окушылардың арасында құқық бұзушылық мәселесінің орын алуын қадағалау, бақылауда ұстау ата-аналарына жүктелсін.
2. Балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету жауапкершілігі ата-аналарға және сынып жетекшілеріне міндеттелсін.
3. Мектеп психологы тарапынан ата-ана өтініші негізінде жекелей қажет деп танылған окушыларға психологиялық қолдау көрсетілсін.

Мектеп директорының м.а.

Б. Мухтарбекова

Хатшы

А. Абилова



**«Кемелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу», «Жастар арасында Интернетке тәуелділіктің алдын алу» «Кемелетке толмағандарға қатысты жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстардың алдын алу» тақырыбында «Қауіпсіздік сағаты» қалалық жобасы шенберінде ата-аналар жиналысын өткізу**  
**БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Өтетін күні:** 17 қаңтар 2023 жыл

**Өткізу уақыты:** сағат 17.00-де

**Өтетін орны:** № 66 МЛ, Д. Қонаев к-сі, 33/1, «Есіл» ауданы.

**Модератор:**

**Хасенова Гүлсім Текенқызы** - Астана қаласы Білім басқармасының кемелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бөлімінің бас маманы

**Сөйлеушілерге арналған ереже** - 5-7 минут.

**Шақырылғандар:** ата-аналар қауымы, педагогтар – 300-400 адам

**Іс-шараның мақсаты:** кемелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық мәселелерінде ата-аналар мен педагогтардың құқықтық және педагогикалық мәдениетін арттыру.

**Күн тәртібінде:**

**1. «Қауіпсіздік сағаты» қалалық жобасының тұжырымдамасы туралы**  
- **Хасенова Гульсім Тукеновна**, Білім басқармасының кемелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бөлімінің бас маманы;

**2. «Кемелетке толмағандарға қатысты жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстардың алдын алу туралы»** -  
**Ахметжанова Гүлден Фалиханқызы**, Астана қаласы Есіл ауданы Прокуратурасының қоғамдық мүдделерді қорғау бөлімінің прокуроры;

**3. «Кемелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу туралы»** - Исмагулова Алмагул Еркіндікқызы, Астана қаласы Есіл ауданы Полиция басқармасының ювеналды полиция бөлімшесінің бастығы, полиция майоры;

**4. «Буллинг, әрбір ата-ана нені білуі керек»** - **Жұманқызы Алмана**, № 66 МЛ психологы;

**5. «Жастар арасындағы интернетке тәуелділіктің алдын алу»** -  
**Абылқасымова Айзат Жомартқызы**, № 66 МЛ құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі менеджер;

**6. «Мектептегі профилактикалық жұмыс туралы»** -  
**Мұхтарбекова Баһытжан Советқызы**, № 66 МЛ директорының м.а.

Ата-аналар жиналысында кемелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу дағы отбасының рөлі, кемелетке

толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың белгілі бір түрлері үшін ата-аналардың жауапкершілігі және т. б. мәселелер көтеріледі.